

"Оқушыларға жалпы білім беретін және интернаттық ұйымдардың құрылымына, ұсталуына және оқыту жағдайларына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық ережелері мен нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2003 жылғы 25 шілдедегі № 570 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 22 маусымдағы N 463 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылы 29 маусымда N 6311 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2010 жылғы 25 қазандағы № 834 Бұйрығымен

Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2010.10.25 № 834 ( ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 7-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына және 145-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Оқушыларға жалпы білім беретін және интернаттық ұйымдардың құрылымына, ұсталуына және оқыту жағдайларына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық ережелері мен нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2003 жылғы 25 шілдедегі № 570 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2003 жылғы 9 қыркүйекте № 2478 болып тіркелген, «Ресми газетте» 2003 жылғы 1 қарашада № 44 (148) жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Оқушыларға жалпы білім беретін және интернаттық ұйымдардың құрылымына, ұсталуына және оқыту жағдайларына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық ережелері мен нормаларына:

4-тармақтың б) тармақшасындағы «шағын мектептер» деген сөздерден кейін «(ауылдық мектеп)» деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«Бейімделген ғимараттарға ауылдық мектептерді орналастыру кезінде үй-жайлар жиыны, олардың аудандары жалпы білім беретін ұйымның түріне, оқушылардың санына және жасына, сынып санына қарай тиісті аумақтағы

халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органның келісімі бойынша осы санитарлық ережелерінің талаптарына сәйкес айқындалады.»;

30-тармақта бірінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

«Медициналық пунктiнiң толық үй-жайлар жиыны болмаған жағдайда ауданы кемiнде 12 м<sup>2</sup> болатын бөлмемен жабдықталады, жарактандыру және жабдық, медициналық кабинеттердiң медициналық құжаттамасының тiзбесiн жүргiзу осы санитарлық ережелерге сәйкес тиiстi аумақтағы халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттiк органмен келiседi.

Бейiмделген ауылдық мектептердiң медициналық кабинетiнде орталықтанған сумен қамтамасыз ету жүйесi болмаған жағдайда су құйып қолданатын қол жуғыштар (сорғымен су жинайтын бак) орнатылады.»;

37-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«Ауылдық мектепте асхана болмаған жағдайда шикiзат дайындауға, тамақ әзiрлеуге және дайын өнiмдi таратуға арналған аймақ бөле отырып, қысқартылған үй-жай жиыны пайдаланылады. Ас үй ауданы кемiнде 9,0 м<sup>2</sup> болатын үй-жайда жабдықталады.

Технологиялық, тоңазытқыш және жуу жабдықтарын орналастыру тамақ әзiрлеу ағындылығы есепке алына отырып жүзеге асырылады.»;

41-тармақта «Шағын комплектiлi мектептерде» деген сөздерден кейiн «(ауылдық мектептерде)» деген сөздермен толықтырылсын;

74-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«Ауылдық мектептерде орталықтанған (орталықтанбаған) сумен қамтамасыз ету болмаған жағдайда арнайы автокөлікпен тасымалданатын ауыз суды тасымалдау ұйымдастырылады.»;

82-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«Екi немесе одан да көп ауысымда жұмыс iстейтiн ауылдық мектептерде бесiншi және соңғы сынып оқушыларын, сондай-ақ терең бiлiм беретiн сыныптардағы оқушыларды екiншi ауысымда оқыту ұйымдастырылады.»;

93-тармақ мынадай мазмұндағы абзацымен толықтырылсын:

«Ауылдық мектептерде меншiктi спорт залы болмаған жағдайда дене шынықтыру бойынша сабақтар ойын бөлмесiнде, гимнастика залында, рекреацияларда немесе мектептiң дәлiзiнде ұйымдастырылады, мектепке жақын орналасқан спорт құрылыстары пайдаланылады.».

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Әкімшілік-құқықтық жұмыс департаменті (Ф.Б. Бисмильдин) осы бұйрық

мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны заңнамада белгіленген тәртіппен ресми жариялады қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Жауапты хатшысы Б.Н. Садықовқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

*Ж. Досқалиев*

*« К е л і с і л г е н »*

*Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
-----  
Ж.Қ. Түймебаев*

*2010 жылғы 22 маусым*

*« К е л і с і л г е н »*

*Қазақстан Республикасының  
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық  
шаруашылық істері агенттігінің  
төрағасы -----  
С.К. Нокин*

*2010 жылғы 29 маусым*